

## **ЖОО компонентінің оқу пәндерінің тізімі**

**7M01 - Педагогикалық ғылымдар**

(Білім беру саласының жіктелуі және коды)

**7M012 - Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы**

(Даярлау бағытының жіктелуі және коды)

**0112**

(Халықаралық стандарттық білім беру жіктеуішіндегі код)

**M002 - Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу**

(Білім беру бағдарламасы тобының жіктелуі және коды)

**7M01201 - Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу**

(Білім беру бағдарламасының коды және атауы)

**Магистр**

(дайындық деңгейі)

**Оқуға түскен жылы 2023 жыл**

## **Әзірленді**

БББ академиялық комитеті  
АК жетекшісі Тлемисов У.Б.  
БББ менеджері Жилгильдинова М.Ж

## **ҚАРАСТЫРЫЛДЫ**

Гуманитарлық- экономикалық факультетінің сапасын  
қамтамасыз ету жөніндегі комиссия отырысында  
Университеттің Ғылыми кеңесінде бекітуге ұсынылды  
Хаттама № 4а " 05 " 04. 2023 ж.  
Комиссия Төрағасы Ш. Ш. Абишева

Университеттің Ғылыми кеңесінің отырысында 2023 ж. «25» сәуірдегі № 8 хаттама бекітілді.

## **БЕКІТІЛДІ**

Университеттің Ғылыми кеңесінің отырысында  
2023 жылғы "01" қыркүйек No 1 хаттама.  
Университеттің Ғылыми кеңесінің төрағасы Орынбеков Д.Р.

## Шет тілі (кәсіби)

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	3
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Тиісті білім саласының түпнұсқа әдебиетін шет тілінде еркін оқуға оқытуды көздейтін кәсіби қызметті жүзеге асыру үшін жалпы мәдени, кәсіби және арнайы құзыреттерді меңгеру; мамандық бойынша монологиялық және диалогтік нысанда ауызша қарым-қатынас дағдыларын дамыту; магистранттың ғылыми жұмысымен байланысты тақырыптарда жазбаша ғылыми қарым-қатынас дағдыларын дамыту, сондай-ақ ғылыми саладағы халықаралық ынтымақтастықтың нысандары мен түрлерімен танысу.

### Пәнді оқыту мақсаты

Магистратурада "Шет тілі (Кәсіби)" пәнін оқытудың мақсаты болашақ магистрдің кәсіби қызметінде тілді белсенді меңгеру дағдылары мен іскерлігін одан әрі дамыту негізінде шет тілінде білім берудің халықаралық стандарттары шеңберінде коммуникативтік құзыреттілікті жүйелі тереңдету болып табылады.

### Оқыту нәтижелері

ON1 Кәсіби қызметте негізгі ғылыми, педагогикалық, басқарушылық, коммуникативті білім мен дағдыларды қолдану.

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Кәсіби, ғылыми, қоғамдық-саяси қатынас сфераларындағы ауызша және жазбаша сөйлеу ерекшелігін білу
2. Кәсіби-себептелген жағдайлар шеңберінде шетел тіліндегі мәтінді құру мен ұйымдастырудың ұлттық-мәдени ерекшеліктерін білу
3. Кәсіби қатынас сферасындағы шетел тілінің сөздік құрамының стилистикалық ерекшеліктерін орындап білу

### Пререквизиттер

Бакалавриат

### Постреквизиттер

Шет тілі (кәсіби)

## Ғылым тарихы мен философиясы

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән ғылыми ойлау мәдениетін зерттеуге бағытталған, аналитикалық мүмкіндіктер мен зерттеу дағдыларын қалыптастырады, болашақ ғалымға қажетті теориялық және практикалық білім береді. Ғылымның тарихи эволюциясын және олар қалыптастыратын философиялық перспективаларды зерттейді. Қазіргі ғылымның пайда болуы, оның әлеуметтік және институционалдық байланыстары сипатталған. Ойлау эксперименттеріне, теорияларды растау мен теріске шығаруға, сандық және жоғары сапалы зерттеу әдістерінің пайда болуы мен қолданылуына байланысты жалпы философиялық мәселелер қарастырылады.

### Пәнді оқыту мақсаты

магистранттарда жалпыадамзаттық мәдениеттің бір бөлігі ретінде ғылыми ойлаудың тарихы мен философиясын (теориясын) терең түсінуге негізделген пәнаралық дүниетанымды қалыптастыру.

### Оқыту нәтижелері

ON1 Кәсіби қызметте негізгі ғылыми, педагогикалық, басқарушылық, коммуникативті білім мен дағдыларды қолдану.

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

Кәсіби қызметте негізгі ғылыми, педагогикалық, басқарушылық, коммуникативті білім мен дағдыларды қолдану.

### Пререквизиттер

Бакалавриат

### Постреквизиттер

Қорытынды аттестаттау

## Жоғары мектептің педагогикасы

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	3
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Курс жоғары білім берудің негізгі бағыттарын, қағидаттарын мен заңдылықтарын зерделеуге бағытталған. Курсты оқу барысында қазіргі педагогиканың базалық ұғымдары, оқыту мен тәрбиелеудің тұжырымдамасы мен теориясы, жоғары мектептің дидактикасы қарастырылатын болады. Магистрант білім беру процесін ұйымдастыруды жобалау дағдыларын, жеке және топтық рефлексия тәсілдерін меңгереді, педагогикалық мақсаттарды сауатты тұжырымдай алады, білім беру технологияларын оқу үрдісінде қолдана алады, пәндердің жұмыс бағдарламаларын құрастыра алады.

### Пәнді оқыту мақсаты

Пәнді игерудің мақсаты- жоғары білім туралы білім жүйесін, оның мазмұнын, құрылымын, білім беру процестерін басқару принциптерін игеру және білім беру процесін басқару мен ұйымдастыруда заманауи технологияларды игеру.

### Оқыту нәтижелері

ON1 Кәсіби қызметте негізгі ғылыми, педагогикалық, басқарушылық, коммуникативті білім мен дағдыларды қолдану.

## Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Жоғары педагогикалық білім беру проблемаларын және оны одан әрі дамыту перспективаларын шешеді;
2. Тиімді ЖОО технологияларын қолдану мәселелерін қарастырады;
3. Өзекті және психологиялық-педагогикалық мәселелерді шешеді.

### Пререквизиттер

Бакалавриат

### Постреквизиттер

Педагогикалық практика

## Басқару психологиясы

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	3
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Курстың мазмұны басқару психологиясының тәсілдері мен бағыттарын, басқарудың психологиялық заңдылықтарын, басқару мәселелерін жоспарлау мен шешу ерекшеліктерін меңгеруге бағытталған. Білім алушылар конфликттік жағдайларды шешудің психологиялық әдістерімен танысады, жұмысты ынталандыру тәсілдерін, басқарудың тиімді стильдерін қолдану әдістерін меңгереді. Басқару процесінің тиімділігінің төмендеуінің негізінде жатқан психологиялық себептерді талдау дағдылары қалыптасады.

### Пәнді оқыту мақсаты

"Басқару психологиясы" пәнінің мақсаты қазіргі жағдайда психикалық құбылыстар жүйесі, мінез-құлықтың психологиялық айнымалылары және адамның саналы қызметі туралы ғылыми негізделген идеяларды қалыптастыру болып табылады және магистранттарда алынған психологиялық білімді білім беру қызметінде қолдану дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді

### Оқыту нәтижелері

ON1 Кәсіби қызметте негізгі ғылыми, педагогикалық, басқарушылық, коммуникативті білім мен дағдыларды қолдану.

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Ұжымды тиімді басқарудың формалары мен әдістерін анықтай алады;
2. Ұйымдардың даму жоспарларын әзірлеу, ұйымдардың қызметіне психологиялық сүйемелдеуді жүзеге асыру;
3. Басқарушылық міндеттерді шешу әдістерін меңгеру.

### Пререквизиттер

Бакалавриат

### Постреквизиттер

Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы I

## Мектеп жасына дейінгі балалардың зерттеу қызметі

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пәннің мазмұнында білім беру, оқыту және дамыту мәселелерін зерттеуде зерттеу әдістерінің тұтас жүйесі оқытылады. Курс оқушыларға оқу материалын ұсынудағы шығармашылық тәсіл аясында мектепке дейінгі білім беру саласындағы зерттеу қызметін қарастырады. Білім алушылар оқу процесінде балаларға ғылым негіздері туралы терең білім беруге үйренеді. Курс білім алушыларды мектеп жасына дейінгі балалардың ғылыми - зерттеу қызметінің әртүрлі түрлерімен таныстыруға бағытталған.

### Пәнді оқыту мақсаты

мектепке дейінгі білім беру саласында оқушылардың зерттеу мәдениетін қалыптастыру

### Оқыту нәтижелері

ON3 Ақпаратты басқару дағдылары мен іскерліктерін және мектепке дейінгі педагогика әдіснамасы саласынан білімді меңгеру, зерттеу мәдениетін үнемі жетілдіруге ұмтылу.

ON6 Ғылыми – педагогикалық іс – әрекетті әдістемелік қамтамасыздандыруды ұйымдастыру мен жоспарлауда ғылыми зерттеулер дағдыларын пайдалана отырып, мектепке дейінгі білім беру жүйесінде педагогикалық процесті жүзеге асыру.

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындаудың құралдары мен тәсілдерін білуге тиіс
2. Тәсілдерін, ғылыми зерттеулерді және зерттеушінің жеке өзін-өзі ұйымдастыруын; ғылыми жетістіктерді жүргізу тәсілдерін, ғылыми баяндамалармен, хабарламалармен сөз сөйлеу техникасын меңгере білу.
3. Эмпирикалық зерттеулерді орындаудың практикалық қадамдарын жүзеге асыру, ғылыми ұжымдарда жұмыстар жүргізу дағдыларын меңгеру.

### Пререквизиттер

Жоғары мектептің педагогикасы

### Постреквизиттер

Мектепке дейінгі білім беру жүйесінде педагогикалық жобалау үрдісі

## Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы I

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	1

**Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Магистранттың тағылымдама процесінде теориялық дайындық нәтижесінде алынған кәсіби білім, білік, дағды, ғылыми зерттеулер жүргізу кезінде практикалық тәжірибені пайдалану қалыптасады. Магистрант зерттеу тақырыбы бойынша талдау жұмыстарын жүргізеді, ғылыми конференцияларға, семинарларға, дөңгелек үстелдерге қатысады. Диссертация тақырыбы бойынша кеңес беруді қамтиды. Ғылыми зерттеу сипатындағы практикалық жұмыстарды жүргізу дағдыларын көрсетеді. Бағдарлама, жарияланым, күнделік жазбалар, атқарылған жұмыс туралы есеп жазу дағдыларын меңгереді.

**Пәнді оқыту мақсаты**

инновациялық жағдайларда дайындық бағыты бойынша күрделі ғылыми және жобалау-технологиялық міндеттерді шешумен байланысты ғылыми зерттеулерді өз бетінше жүзеге асыру қабілеті мен практикалық дағдыларын дамыту

**Оқыту нәтижелері**

ON9 Зерттеу мәселелерін шешу үшін басқарылатын процестің жағдайы мен мүмкіндіктерін зерттеу.

**Пән бойынша оқыту нәтижелері**

1. Ғылыми зерттеудің негізгі бағыттарын, ғылыми әдебиеттерді іріктеу принциптерін, әртүрлі дерек көздерінің классификациясы мен ерекшеліктерін білу.
2. Ұғымдық аппаратты меңгеру, ғылыми зерттеулерде қолданылатын ақпараттық технологияларды пайдалану, зерттеу бағыты бойынша ғылыми мәселелерді тұжырымдай білу.
3. Ғылыми зерттеулерді жоспарлау және жүргізу дағдыларын, жүргізіліп жатқан зерттеулердің ғылыми және практикалық маңыздылығын бағалау дағдыларын меңгеру.

**Пререквизиттер**

БББ базалық және бейіндеуші пәндері

**Постреквизиттер**

Қорытынды аттестаттау

**Мектепке дейінгі білімнің теориялық-әдіснамалық мәселелері**

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

**Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Пән мектепке дейінгі білім берудің теориялық және әдіснамалық мәселелерін қарастыруға негізделген. Болашақ мамандарды жоғары оқу орындарында оқытудың теориялық-әдіснамалық негіздерін қалыптастыру қарастырылады. Білім беру жүйесіндегі теориялық жұмысты зерттеудің маңыздылығы ашылып, әдістемелік жұмысты меңгеруге үйретеді. Білім беру процесінде оқыту әдістерін дұрыс пайдалану білім беру сапасының негізі болып табылады. Білім алушылар университетте мектепке дейінгі білім беруді теориялық-әдіснамалық тұрғыдан қарастырудың педагогикалық технологияларымен танысады.

**Пәнді оқыту мақсаты**

мектепке дейінгі білім беру әдістемесі мазмұнын қалыптастыру және тереңдету, меңгеру мектепке дейінгі білім берудің әдістемелік және теориялық негіздері, магистранттың негізгі құзыреттерін қалыптастыру, кәсіби тапсырмаларды шығармашылық шешуге дайын болу.

**Оқыту нәтижелері**

ON3 Ақпаратты басқару дағдылары мен іскерліктерін және мектепке дейінгі педагогика әдіснамасы саласынан білімді меңгеру, зерттеу мәдениетін үнемі жетілдіруге ұмтылу.

ON5 Білім беру саласындағы нормативтік және құқықтық, оқу-нұсқаулық, ағымдағы оқу-ұйымдастыру құжаттарын әзірлеу дағдылары мен іскерліктерін меңгеру (дидактикалық, бақылау-өлшеу).

**Пән бойынша оқыту нәтижелері**

1. Жоғары оқу орындарында болашақ мамандарға білім берудің теориялық әдіснамалық негіздерін меңгереді.
2. Оқу процесінде зерттеудің теориялық негіздерін үйренеді.
3. Мектепке дейінгі білімнің теориялық-әдістемелік мәселелерін қарастырады.

**Пререквизиттер**

Бакалавриат Қазіргі әлемдік мектепке дейінгі білім беру жүйесі

**Постреквизиттер**

Педагогикалық зерттеудің әдіснамасы мен әдістемесі Мектепке дейінгі білім беру жүйесінде педагогикалық жобалау үрдісі

**Педагогикалық практика**

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	6
Білімді бақылау нысаны	Практика бойынша қорытынды баға

**Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Практика студенттің теориялық дайындығын бекітуге және тереңдетуге және кәсіби қызмет саласында практикалық дағдыларды меңгеруге бағытталған. Білім беру қызметінің нормативтік құжаттарының құрылымы мен мазмұнын зерттеуді үйренеді. Магистрант университеттің жетекші оқытушыларының пәндерді оқыту тәжірибесін зерттейді. Оқу материалын таңдау және аудиториялық оқу сабақтарын ұйымдастыру дағдыларын көрсетеді. Оқытудың заманауи әдістері мен формаларын қолдану дағдылары қалыптасады. Педагогикалық тәжірибе магистранттың педагогикалық іс-әрекетіне шығармашылық көзқарасты және оқу-әдістемелік іс-әрекетке дайындауды қалыптастырады.

## Пәнді оқыту мақсаты

жоғары мектеп оқытушысының педагогикалық, басқарушылық, жобалық қызмет түрлерімен танысу және оқу процесін ұйымдастыруда осы қызмет түрлерін жүзеге асыру тәжірибесін алу; магистранттарда жалпы мәдени, кәсіби құзыреттер мен жеке қасиеттер жүйесін қалыптастыру; кәсіби педагогикалық ойлауды қалыптастыру.

## Оқыту нәтижелері

ON1 Кәсіби қызметте негізгі ғылыми, педагогикалық, басқарушылық, коммуникативті білім мен дағдыларды қолдану.

ON4 Мақсат қою саласындағы білімді, мектепке дейінгі білім беру жүйесінде ғылыми-зерттеу іс-әрекетін ұйымдастыру мен іске асыруда тұтас педагогикалық процесті жобалау біліктері мен дағдыларын көрсету.

## Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Білім беру бағдарламасы бойынша құжаттаманы, жоғары оқу орнының заманауи білім беру технологияларын білу,
2. Студенттермен оқу сабақтары мен оқу іс-әрекеттеріне дидактикалық материалдарды құрастыра білу.
3. Жоғары оқу орындарында оқу-әдістемелік жұмыстың практикалық дағдыларын меңгеру, дәріске, практикалық сабаққа қажетті тақырыптар бойынша оқу материалын дайындау, заманауи ақпараттық оқыту технологияларын пайдалана отырып сабақтарды ұйымдастыру және өткізу дағдыларын меңгеру.

## Пререквизиттер

Бакалавриат

## Постреквизиттер

Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы II

## Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы II

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	4
Білімді бақылау нысаны	Практика бойынша қорытынды баға

## Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Магистранттың тағылымдама процесінде теориялық дайындық нәтижесінде алынған кәсіби білім, білік, дағды, ғылыми зерттеулер жүргізу кезінде практикалық тәжірибені пайдалану қалыптасады. Магистрант зерттеу тақырыбы бойынша талдау жұмыстарын жүргізеді, ғылыми конференцияларға, семинарларға, дөңгелек үстелдерге қатысады. Диссертация тақырыбы бойынша кеңес беруді қамтиды. Ғылыми-зерттеу сипатындағы практикалық жұмыстарды жүргізу дағдыларын көрсетеді. Бағдарлама, жарияланым, күнделік жазбалар, атқарылған жұмыс туралы есеп жазу дағдыларын меңгереді.

## Пәнді оқыту мақсаты

инновациялық жағдайларда дайындық бағыты бойынша күрделі ғылыми және жобалау-технологиялық міндеттерді шешумен байланысты ғылыми зерттеулерді өз бетінше жүзеге асыру қабілеті мен практикалық дағдыларын дамыту

## Оқыту нәтижелері

ON9 Зерттеу мәселелерін шешу үшін басқарылатын процестің жағдайы мен мүмкіндіктерін зерттеу.

## Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Ғылыми зерттеудің негізгі бағыттарын, ғылыми әдебиеттерді іріктеу принциптерін, әртүрлі дерек көздерінің классификациясы мен ерекшеліктерін білу.
2. Ұғымдық аппаратты меңгеру, ғылыми зерттеулерде қолданылатын ақпараттық технологияларды пайдалану, зерттеу бағыты бойынша ғылыми мәселелерді тұжырымдай білу.
3. Ғылыми зерттеулерді жоспарлау және жүргізу дағдыларын, жүргізіліп жатқан зерттеулердің ғылыми және практикалық маңыздылығын бағалау дағдыларын меңгеру.

## Пререквизиттер

БББ базалық және бейіндеуші пәндері

## Постреквизиттер

Қорытынды аттестаттау

## Зерттеу практикасы

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	13
Білімді бақылау нысаны	Практика бойынша қорытынды баға

## Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Зерттеу практикасынан өту барысында магистрант ғылымның теориялық, әдістемелік жетістіктерін зерделейді, зерттеу объектісін бағалайды, проблемаларды сипаттайды. Зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін қажетті дереккөздерді зерттейді. Магистрант эксперимент жүргізеді, жұмыстың эксперименттік бөлігінің нәтижелерін талдайды, практика туралы есеп дайындайды. Кафедраның ғылыми-әдістемелік семинарларына, әртүрлі деңгейдегі дөңгелек үстелдер мен конференцияларға, студенттердің практикалық сабақтарына арналған материалдарды әзірлеуге қатысады. Өзіндік зерттеу жұмысының дағдыларын көрсетеді.

## Пәнді оқыту мақсаты

білім беру бағдарламасына сәйкес келетін психологиялық - педагогикалық ғылымдар саласындағы ғылыми зерттеулердің негізгі бағыттарына баса назар аудару арқылы студенттердің кәсіби дайындық пәндерін меңгеру барысында алған білімдерін, іскерліктері мен дағдыларын тереңдету және бекіту болып табылады.

## Оқыту нәтижелері

ON4 Мақсат қою саласындағы білімді, мектепке дейінгі білім беру жүйесінде ғылыми-зерттеу іс-әрекетін ұйымдастыру мен іске асыруда тұтас педагогикалық процесті жобалау біліктері мен дағдыларын көрсету.

ON9 Зерттеу мәселелерін шешу үшін басқарылатын процестің жағдайы мен мүмкіндіктерін зерттеу.

## Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындаудың құралдары мен тәсілдерін білуге тиіс,
2. Жоспарлау тәсілдерін, ғылыми зерттеулерді және зерттеушінің жеке өзін-өзі ұйымдастыруын; ғылыми жетістіктерді жүргізу тәсілдерін, ғылыми баяндамалармен, хабарламалармен сөз сөйлеу техникасын меңгере білу.
3. Эмпирикалық зерттеулерді орындаудың практикалық қадамдарын жүзеге асыру, ғылыми ұжымдарда жұмыстар жүргізу дағдыларын меңгеру.

#### **Пререквизиттер**

Ғылыми зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және жоспарлау Ғылыми-зерттеу жұмыстарындағы академиялық жазылым

#### **Постреквизиттер**

Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы III

### **Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы III**

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	9
Білімді бақылау нысаны	Практика бойынша қорытынды баға

#### **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Магистранттың тағылымдама процесінде теориялық дайындық нәтижесінде алынған кәсіби білім, білік, дағды, ғылыми зерттеулер жүргізу кезінде практикалық тәжірибені пайдалану қалыптасады. Магистрант зерттеу тақырыбы бойынша талдау жұмыстарын жүргізеді, ғылыми конференцияларға, семинарларға, дөңгелек үстелдерге қатысады. Диссертация тақырыбы бойынша кеңес беруді қамтиды. Ғылыми-зерттеу сипатындағы практикалық жұмыстарды жүргізу дағдыларын көрсетеді. Бағдарлама, жарияланым, күнделік жазбалар, атқарылған жұмыс туралы есеп жазу дағдыларын меңгереді.

#### **Пәнді оқыту мақсаты**

инновациялық жағдайларда дайындық бағыты бойынша күрделі ғылыми және жобалау-технологиялық міндеттерді шешумен байланысты ғылыми зерттеулерді өз бетінше жүзеге асыру қабілеті мен практикалық дағдыларын дамыту

#### **Оқыту нәтижелері**

ON9 Зерттеу мәселелерін шешу үшін басқарылатын процестің жағдайы мен мүмкіндіктерін зерттеу.

#### **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

1. Ғылыми зерттеудің негізгі бағыттарын, ғылыми әдебиеттерді іріктеу принциптерін, әртүрлі дерек көздерінің классификациясы мен ерекшеліктерін білу.
2. Ұғымдық аппаратты меңгеру, ғылыми зерттеулерде қолданылатын ақпараттық технологияларды пайдалану, зерттеу бағыты бойынша ғылыми мәселелерді тұжырымдай білу.
3. Ғылыми зерттеулерді жоспарлау және жүргізу дағдыларын, жүргізіліп жатқан зерттеулердің ғылыми және практикалық маңыздылығын бағалау дағдыларын меңгеру.

#### **Пререквизиттер**

БББ базалық және бейіндеуші пәндері

#### **Постреквизиттер**

Қорытынды аттестаттау